

## №2 Қамқоршылық Кеңесі жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 29.01.2021

Жиналысқа қатысуға тиісті: 12

Қатысқаны – 8

### Күн тәртібінде:

#### 1. Тыңдалды:

1. Санитарлық нормаларын сақтау ережелерін ескере отырып, 1-4 сынып оқушыларының штаттық түрде оқытылуы;
2. Бюджеттен бөлінген қаражаттың қолданылуы:
  - жалпыға міндетті оқу қоры бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға арналған 2020 -2021 оқу жылындағы 1 жартылдықта жаппай оқу қорынан бөлінген қаражат сомасы туралы ақпарат.
  - сметалық құжаттардың жасалуы.
3. Ағымдық шығындар, әртүрлі сұрақтар.

#### 2. Сөйлеген – мектеп директоры А.Т.Бекбаева:

- 2.1 – мәселе бойынша мектеп директоры мектеп СанҚжн нормаларына сай екендігі жайлы атап өтті. Яғни, оқушыларды кезекшілердің қарсы алудан бастап, сыныпқа дейін жетулеріне дейін баяндап берді. Мектепке кіргеннен кейін дезкілемшеде аяқ киімдерінің табандарын сүртеді, қолдарын антисептиктеп, денелерінің қызулығын тепловизормен өлшеп, журналға тіркеледі. Дәлізде ара қашықтықты сақтау белгілері, санитарлық бұрыштар, дәретханаларда қолды дұрыс жуу ережелері ілінгенін баяндап өтті. Оқушылар 2 сағат сайын маскаларын ауыстарады, яғни 1 ретті маскаларын санитарлық бұрышта орналасқан қорапқа тастайды, көп ретті маскаларын қалташаға салып, екіншісін киеді. Кабинетте оқушылар шахмат ретімен отырады. Әр партада шахмат ретімен «отыруға болмайды» белгісі қойылған.
- 2.2 Бюджеттен бөлінген жалпы қаражат – 99 213 500 теңге, №149, 159 ерекшелігі бойынша алынған тауарлар тізімімен таныстырды.

Жалпы жаппай оқу қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы ақпарат берілді. Мектеп 1 жетім бала мен ата – ананың қамқорлығынсыз қалған бала саны – 2, көпбалалы отбасынан шыққан бала саны – 74, аз қамтылған отбасынан шыққан – 64 оқушы бар. “БІЗ БІРГЕМІЗ” акциясы бойынша мектеп ұжымы және ата-аналар тарапынан көп балалы отбасылардың үйіне азық-түлік табысталды.

*Жалпы жаппай оқу қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды*

1. Қысқы куртқа – 923000,0
2. Қыздар мен ұлдардың ішкі киімдері -152992,0
3. Бас киіс мен шарф -258812,96
4. Қысқы аяқ киім-699563,20
5. Мектеп рюкзагы- 431900,0
6. Спорт киім - 387296,0
7. Қалың дәптер-121600
8. Жай қарандаш, өшіргіш, қалам -7250
9. Жай дәптер- 9900,0

*Көрсетілген спонсорлық көмек:*

1. Аян Сансызбаевич -1оқушы 100000 мың теңге (киім)
2. Диляра Мендығалиевна -1 оқушы 5000 мың теңге (кеңсе тауары)
3. Займолда Кульжазира -1 оқушы 5000 мың теңге (кеңсе тауары)
4. Гульнур Омиргалиевна-1 оқушы 50000 мың теңге (киім)
5. Зауреш Ермековна- 2 оқушы 22000 мың теңге (куртка+ спорт форма)
6. Саягүл Жұмаділқызы-1 оқушы 5000 мың теңге (кесе тауары)
7. Гульмиира Алтынбекқызы-1 оқушы 12000 мың теңге (спорт форма)
8. АП 162/3 -5 оқушыға (кеңсе тауары)- 25000 мың теңгеге.
9. №19 мектеп ұжымы – оқушылар мен қызметкерлерге 250000 мың теңгеге Азық-түлік пакетімен көмек көрсетті.

Мектептің капиталды жөнделуі бойынша сметалық құжаттар дайындалу үстінде. «Заманауи мектептің» жөнделу жұмыстары көктемде басталатыны жайлы ақпарат берді. Айнур Тлегеновна «Заманауи мектепті» салудың басты жобаларын атады. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттардың әзірленіп, экспертизаға жіберіліп жатқанын баяндады. Демек, жалпы жоба саны – 4; жалпы бөлінген сомасы – 6 млн 50 мың теңге; 3 жоба бойынша жобалық сметалық құжаттамаға жарияланған сома – 1 млн 713 мың теңге; 1 жоба бойынша жобалық сметалық құжаттамаға жарияланған сома- 1 млн 856 мың теңге; 2 млн 731 мың теңге - мемлекеттік экспертиза жұмыстарына бөлінген.

**2.3 Ата – аналар тарапынан ұсыныстар мен сұрақтар:**

1: Мектептегі радиаторларды жылу болған кезде, яғни қазіргі кезде зерттеу жұмыстарын жасау керек;

2: Өткен жиналыста мектептің жанындағы «итті серуендетуге» арналған алаңға қарсылық білдірген едік, бұл сұраққа қала әкімшілігі жауап берді ме? Естеріңізге сала кетейін, ит – балаға аса қауіпті жануардың бірі, балам мектепке барғанда, қорқып барады және мектептің алдында орналасқан аталмыш «ғимарат» Санитарлық нормаларға мүлдем сәйкес емес деген болатынбыз... Тіпті, келесі жылы «Заманауи мектеп» жобасы жүзеге асырылғанда, мектептің алдыңғы есігі «ит серуендейтін» жаққа, Киров көшесіне ауыстырылады емес пе, сол кезде оқушылардың жағдайы не болады?

Жауап: біздің тарапымыздан әкімшілікке хат жазылды, бүгін аталмыш мәселе бойынша жауап келді, өкінішке орай, сұрақтың шешімі оң жауап таппады. Дегенмен, Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңының 6 бабы 14 тармағына сәйкес, қарсылығымызды білдеріп, шағымдануымызға болатынын ескерткен.

**3. Қаулы етті:**

3.1 1-4 сынып оқушыларының штаттық түрде оқытылуында СанҚжн нормалары сақталынсын;

3.2. Бюджеттен бөлінген қаражаттың қолданылуы жүзеге асырылсын;

3.3. Жетім балалардың, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың тамақтануы мен киім-кешегіне, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілуіне тиісті жағдайлар ескерілсін.

Төраға \_\_\_\_\_ (А.Бекбаева)

Хатшы \_\_\_\_\_ (Р.Саденова)

